

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Дулатұлы атындағы №63  
жалпы білім беретін орта мектеп - лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
кезектен тыс Қамқоршылық кеңесі отырысының**

**№6 хаттамасы**

**Ақтөбе қаласы**

**31 мамыр 2024 жыл**

**Күн тәртібінде:**

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есебі

*Өзін –өзі бағалау комиссиясының төрағасы Д.К.Картпагамбетова*

Қатысқандар саны – 16 (өзін-өзі бағалау комиссиясының саны -5, қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны -11)

Қамқоршылық кеңестің төрайымы Г.Қ.Бирманова: Бүгінгі кезектен тыс қамқоршылық кеңестің отырысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығының 3-тарау 12 тармағына сәйкес Д.К.Картпагамбетованың «Білім беру ұйымының өзін –өзі бағалау нәтижелері бойынша есебі» тыңдалды. Сөз кезегі М.Дулатұлы атындағы №63 жалпы білім беретін орта мектеп –лицейінің директоры Д.К.Картпагамбетоваға беріледі.

**Тыңдалды:**

Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Д.К.Картпагамбетова: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 3- тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес білім беру ұйымы мектепшілік өзін-өзі бағалау жүргізді. Кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіп, өзін-өзі бағалау жүргізудің жоспарын жасады, комиссия мүшелері сайланып, олардың міндеттері бөлінді. Мектептің үш жылдық жұмысы сараланды. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша материалдар дайындалып зерделенді және мектеп сайтына орналастырылды (слайд арқылы көрсетілді). Білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін 4,9 сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілді және нәтижесі «қанағаттанарлық болды. Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін онлайн форматта мектеп ата-аналарынан, жалпы педагогтардан, 4,9 сыныптың білім алушылары мен олардың ата-аналарынан сауалнама алынды. Сауалнамаға ата-аналар белсенді қатысты және нәтижесінде білім беру ұйымының жұмысына оң баға берді.

Мектепке дейінгі оқыту және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде бағалау парағы (4- қосымша) толтырылды. Нәтижесі білім беру ұйымының білім беру қызметтерін көрсету сапасы «жақсы» деген қорытынды берілді.

**Шығып сөйлеушілер:**

Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.М.Елекеева: Үш жылдық жұмысқа толық зерделеу жүргізілген. Зерделеу қорытындысына толық қосыламын. Педагог –зерттеуші мен педагог –

сарапшылардың санын әлі де арттыруға мүмкіндік болса, тіптен жақсы болады. Білім беру қызметі жақсы жүргізіліп келеді.












Айтылған ұсыныс бойынша мектеп директоры Д.К.Картпагамбетова: Мен сізбен келісемін, қазіргі уақытта 32 педагог аттестациядан өтуге өтініш беріп отыр. Оның ішінде педагог-шеберге -2, педагог- зерттеушіге -4, педагог-сарапшыға -16, педагог –модераторға -7 педагог өтініш беріп отыр және 3 педагог педагог-зерттеуші категориясын растауға өтініш беріп отыр. Қамқоршылық кеңес мүшесі Г.А.Боранқұл: білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижесі жаман емес. Мектеп жиһаздары жыл сайын жаңартылып отыр. Білім алушылардың білім алуына жағдай жасалған.

### Шешім:

1. Білім беру ұйымы басшысының «Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері» бойынша есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын;
2. Жіберілген кемшіліктер мен ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін;
3. Қамқоршылық кеңестің шешімі мектептің сайтына жүктелсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Мүшелері:

	Г.К.Бирманова
	С.Ж.Жолдыбай
	А.М.Елекеева
	Ж.Ж.Муканбеткеримов
	Г.А.Боранқұл
	Г.Б.Орынғалиева
	А.Қ.Бактығалиева
	Э.Т.Абдирахманова
	А.Т.Оспанова
	Э.С.Турбекова
	Ж.А.Абишева